

Кіріме сөздердің жазылуы

1. Соңғы буынында (не бір буынды сөздің өзінде) и дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады: *кассир + ге, кассир+лер*. **Мыс.:** *Small* дүкеніне *сатушы-кассирлер* қажет., *Жалақысы тұрақты, 100 000-нан 150 000 тг-ге дейін. Тел.: 8-771-044-08-90. Мекемеге кассирлер, менеджерлер, сатушылар керек. Whatsapp: 87019221473.*

2. Орыс тілінен енген *к, г* дыбыстарына аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары буын үндестігіне қарай, яғни сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай жалғанады: *фи-зик+тер, лак+тың, га-мак+тың, по-ляк+тар, ма-як+қа*. **Е с к е р т у. оғ, уг** дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша **жуан** жалғанады: *педагогқа, педагогы, педагогтық, округке, округі, округтік*. **Мыс.:** *Педагогтар* қажет. Тел: 8-707-781-87-61. 4 бөлмелі үй сатылады, Абай ауданы, Құрма ауылдық округі. Тел.: 8-771-129-81-20. **Құрметті педагогтар!** «Өрлеу» БАҰО» АҚ «БҚО ҚДИ» филиалы білім беру ұйымдары үшін бейнесабақтар мен бейнедәрістердің жыл сайынғы республикалық «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауы өткізілетінін хабарлайды. Байқауға қатысуға асығыңыздар! Байқау туралы толық ақпарат <https://orleu-edu.kz/zko/> сайтында. Байланыс телефондары: 87055909586, 251502, 208-кабинет.

3. Орыс тілінен енген *рк, рг, ск, кт, кс, нк, нг, лк, нкт* деген дыбыстар тізбегіне аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жіңішке жалғанады: *паркке, парктер, Омскіге, Омскіден, киоскіге, киоскісі, фактіге, фактісі, танкіге, танкілер, полкке, полктер, полкі, пунктке, пункті*. **Мысалы:** *Zammler Тапсырыстарды қабылдау пункті. «АЛТАІ» телеарнасына «жүгіртпе жолға» жарнама қабылдау пунктері: Стаханов көш., 70, тел.: 77-74-85, ИП Раченкова В.П, Чехов көшесі, 72-61, тел.:78-54-11, 8-777-151-08-76, 8- 776-476-36-26.*

4. Кіріме сөздердің ішінде *ст, сть, зд, кст, вт, сс, лл, мм, тт, пп* дыбыстарына аяқталғандарына қазақ тілінің қосымшалары жалғанғанда, ең соңғы дауыссыздар түсіріліп айтылады және солай жазылады: *съезд+ге - съезге (съездге емес), съезд+дің - съездің (съезддің емес), съезд +і - съезі (съезді емес), ведомость+қа - ведомосқа (ведомостьқа емес), металл +дар - металдар (металлдар емес), терапевт+ке - терапевке (терапевтке емес)*. **Мыс.:**«Әйгерім» емханасының білікті **терапевтері** тыныс алу, ас қорыту, жүрек-тамыр жүйесі, эндокриндік жүйе ауруларының белгілерін жедел анықтай алады. Академиялық музыкалық комедия театрына менеджер ("Өнер" саласында білімі бар), бутафор, костюмер, қызметтік үй-жайларды жинаушы, концертмейстер, сахна **машинисі** қажет. Анықтама телефоны: 41-29-44. Дәріханаға **фармацевтер** қажет 41-63-61.

5. Жіңішкелік белгісіне аяқталатын көп буынды кіріме сөздерге қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады, яғни сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыс жіңішке болса, қосымша да жіңішке, жуан

дауысты дыбыс болса, қосымша да жуан болып айтылады және солай жазылады, **ль** дыбысына аяқталған кірме сөздерге тек қана тәуелдіктің ІІІ жағында жіңішке қосымша жалғанып, жіңішке айтылады. Мысалы: фестиваль+ға - фестивальға, бірақ фестивалі, календарь+ға - календарьға, календары). **Мыс.:** Тек +18 жасан асқан адамдарға. Билет құны - 12 000 KZT. Билет бағасына үш күн бойы **фестивальға** қатысу құны қарастырылған.

6. Ауызша сөз арқылы игерілген кірме сөздер дыбысталуы бойынша жазылады: **товар-тауар, почта-пошта, поезд-пойыз т.б.** Мыс: Қалған **тауарлар** сатылады. Арзан. Тел.: 8700 254 87 74.

7. Жарнамада шет тілдік терминдерді бергенде, **Мемлекеттік терминология комиссиясының бекіткен терминдер мен атауларынан** сол сөздің қазақ тіліндегі баламасының бар-жоқтығына көз жеткізу қажет (<https://termincom.kz/industry/?id=14>). Мыс.: **Жинаушы қоқыстасығыш/қалдықтасығыш** (мусоровоз) жүргізушісі қажет. Тел.: 8(778) 005 47 67. Супермаркетке **әкімші** (администратор) қажет. Жұмыс күні 6 сағат. Жалақысы 135 000 тг-ден басталады. Тел.:8-708-120-35-67. **ZAMZAM медицина орталығы Дәріхана (Аптека) Зертхана Лаборатория) Акушер гинеколог Терапевт Педиатр Тіс емдеу (Стоматология) УЗИ +7 777 380 36 70 + 7 707 478 20 97. Жөндеу тігінханасына (Ателье) тігінші қыз керек! Жасы маңызды емес. Барқыт, жібек маталармен жұмыс жасай білуі керек. Тел: 8 747 274 44 23.**

8. Шет тілінен (ағылшын) енген сөздермен қосарланған, сонымен қатар **web, экс** сөзалды сыңарларымен келетін гибриді сөздер дефис арқылы жазылады: кофе-брейк, шоу-бизнес, PR-менеджер. **Мыс.:** Азаматтық құқықтық келісім шарт негізінде «Қазақстан» РТРК" АҚ Атырау облыстық филиалына («Атырау" телеарнасына) **веб-редактор, радио-редактор жүргізуші, орыстілді редактор жүргізуші мамандарды жұмысқа шақырамыз!** Мекенжайымыз: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29. Тел.: 8 (7122) 95 68 22. Сағынғандардың барлығына басты жаңалық – **Арт-Кафедде** жазғы террасаның ашылуы! Қарағанды қ., Әбдіров к-сі, 24/4. **VIP-коттедж** жалға беріледі, сыйлыққа – фотозона. Астанада заманауи **рок-музыканың** жарқын өкілдерінің бірі, «жаңа Радио Awards 2021» сыйлығының иегері **Джони өнер көрсетеді.** «Atamnun atanatu» қоғамдық бірлестігі Есіл ауданында **PR-менеджер** қызметіне жұмысқа шақырады, Астана қаласы.

9. Басқа тілден енген сөздерге қосымша **дефис** арқылы жалғанады. **Мыс.:** **DOSTYK PLAZA-дағы** ең жақсы сыйлықтар. Академиялық музыкалық комедия театрына менеджер мен бутафор (өнер саласы бойынша білімі болуы міндетті), костюмер, қызметтік орындарды тазалаушы, театрлық **костюмдер** тігіншісі қажет. Тел.: 41-29-44. **FlyArystan iJan-мен** өзіңіз тіркеліңіз ҚР ИДМ ААҚ берген 05.04.2023 жылғы kz 01/009 сертификат. Жыл **Dizzy-мен** бірге! Сеніммен **Small-да** жұмыс +77717756561 **rabota.small.** Наурыз **PEPSI-мен** дәмдірек. **M-EAT BY KHABIB** Сені **M-EAT-қа** шақырамын

ROUND-1 DOSTYK PLAZA. КОКО-мен бірге өзіне сенімді болыңыз! LG OLED TV GOA-да тиімді роумингпен әрқашан байланыста «Әрқашан байланыста» қызметі 1 ГБ + 10 мин 1990 тг-ден бастап ALTEL.

10. Жарнама мәтінінде кездесетін кейбір шеттелдік сөздердің **орфографиялық сөздікте қалай берілгеніне** мұқият назар аудару керек. Мәселен, **костюм** сөзі 2005, 2007 жылдардағы Орфографиялық сөздіктерде **кәстөм** деп берілген. Бірақ жарнама мәтіндерінде әліге дейін оны костюм күйінде қолданып жүргендер көп. Академиялық музыкалық комедия театрына менеджер мен бутафор (өнер саласы бойынша білімі болуы міндетті), костюмер, қызметтік орындарды тазалаушы, театрлық **кәстөмдер** тігіншісі қажет. Тел.: 41-29-44.

11. Араб, парсы тілінен енген сөздердің, сондай-ақ түп негізі араб-парсылық болып саналатын сөздердің, кісі есімдерінің құрамындағы қайталама дауыссыздар сақталып жазылады: *ләззат, махаббат, жаннат; Ғарифолла. Біздің Zhekas doner желілерімізде сіз махаббатпен жасалған фирменный донерлардың дәмін тата аласыз Тездетіп келіп, жеп көріңіздер.*

12. **Электро, гипсо, энтеро** сөзалды қосымшалары құрамындағы о кірме дәнекері түсіріліп жазылады: *электрқұрылғы (электроқұрылғы емес), электрпеш (электропеш емес), гипскартон (гипсокартон емес).*
Мыс.:Электрқұрылғылар мен тұрмыстық техникалар. ✓ Тапсырыс беру үшін 87027018691 уатсапқа жазыңыз.